



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Елордаға LRT вагондары келді

Астана жеңіл рельсті көлік (LRT) жобасында жаңа кезеңге аяқ басты. Қалаға болашақ трамвай жүйесінің алғашқы вагондары жеткізіліп, көпшілікке ресми түрде таныстырылды.

Астана әкімдігінің Урбанистика орталығы жариялаған видеода Қытайдың Таншань қаласынан шыққан заманауи вагондардың Астанаға дейінгі ұзақ жолы бейнеленген. Жүк көліктерімен жеткізілген құрамдар елімізге 10 күнде 5300 шақырымдық жолды жүріп жетті.



«City Transportation Systems» компаниясының хабарлауынша, құрамның ұзындығы 60 метр. Олар толық автоматтандырылған басқару жүйесімен жабдықталған. Яғни қозғалыс, есіктерді ашу-жабу, стансаға тоқтау мен қозғалысты бақылау сияқты барлық операция компьютерлік жүйе арқылы жүзеге асады.

– Жүргізушісіз басқарылады, дегенмен барлық үдеріс операторлардың бақылауында болады, – дейді компания өкілдері.

Жаңа көлік 600-ден астам жолаушыны тасымалдай алады. Максималды жылдамдығы 80 км/сағ, ал орташа жылдамдығы – 39,5 км/сағ. Салмағы – 94 тонна.

LRT жобасының алғашқы желісі 22,4 шақырымды қамтиды. Бағыт әуежайдан басталып, «Нұрлы жол» теміржол вокзалына дейін созылады. Жол бойында 18 станса орналасқан. Олардың қатарында EXPO, Abu Dhabi Plaza, Министрліктер үйі және Ұлттық музей сынды нысандар бар. Маршруттың толық ұзақтығын жүріп өту уақыты шамамен 36 минут болмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұйымды аймақтық және жаһандық қауіпсіздік саласындағы күрделі кезеңде басқарып отырған Элина Валтоненнің қызметіне қолдау білдірді.

«Биыл біз Хельсинки қорытынды актісінің 50 жылдығын атап өтеміз. Жарты ғасыр өтсе де бұл құжат егемендік, аумақтық тұтастық және адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарын бекіте отырып, еуропалық қауіпсіздіктің негізі болып қала бермек. Қазақстан осы құндылықтарды берік ұстанады», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазақ-фин байланыстарының жай-күйіне жоғары баға берді. Финлян-



Президент ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасын қабылдады

дияны Астананың Скандинавия аймағындағы бұрыннан келе жатқан серіктесі деп атап, қарым-қатынасты одан әрі жандандыруға әзір екенін мәлім етті. Элина Валтонен ЕҚЫҰ Қазақстанмен және Орталық Азиямен байланысты дамытуға баса мән беретініне тоқталды.

«Қазақстанның халықаралық аренадағы абыройын бекітуге үлкен күш-жігер

жұмсап отырсыз. Соның арқасында еліңіз өзін аймақта және әлемде ықпалды орта держава ретінде танытты. Қазақстан ЕҚЫҰ секілді ұйымдардың жұмысына белсенді атсалысу арқылы жаһандық деңгейдегі беделін нығайта береді. Біз Сіздің қазіргідей күрделі кезеңдегі, әсіресе, экономика және экология салаларындағы қызметіңізді жоғары бағалаймыз. ЕҚЫҰ-ның

Астанадағы бағдарламалық кеңсесімен ынтымақтастық айтарлықтай табысты дамып келеді», деді ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Финляндия Президенті Александр Стуббаға сәлем жолдап, екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту үшін тығыз ықпалдастыққа дайын екенін растады.

Ташкенттегі тартымды инвестиция

Премьер-министр Олжас Бектенов IV Ташкент инвестициялық форумына қатысты. Пленарлық отырыста сөйлеген сөзінде инвестиция тарту экономиканы дамытудың негізгі факторы екенін атап өтті.

Елімізде инвесторларға салықтық жеңілдіктер жасалып, кедендік баждардан босатылады, заттай гранттар, икемді әрі жекелеген преференциялар беріледі. Ірі инвесторлармен басым салалардағы жобаларды жүзеге асыруға 25 жылға дейін заңнамалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін Инвестициялар туралы келісімдер жасалады.

«Жақында өткен Астана экономикалық форумында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Орталық Азияның тұрақтылығы берік, ынтымағы бекем, болашағы айқын болғанын қалайтынын ерекше атап өтті. Үкіметіміз өзара сенім мен орнықты даму рухында табысты және ұзақмерзімді жобалар құруға дайын. Инвестиция тарту – өңірдің экономикалық парадигмасының негізгі факторы. Қазақстан 2029 жылға қарай экономикаға кемінде 150 млрд доллар көлемінде шетелдік капитал ағынын қамтамасыз етуді мақсат етіп отыр. Осы арқылы ауқымды әрі барынша биік мақсаттар қойылып, оған қол жеткізуге әбден болады. Ол үшін ұлттық экономиканы құрылымдық қайта құруға бағытталған ауқымды рефор-



малар табанды түрде жүргізіліп жатыр», деді О.Бектенов.

Дайын инфрақұрылыммен жабдықталған, сондай-ақ салықтық әрі кедендік жеңілдіктер беретін арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар жұмыс істейді. «Астана» халықаралық қаржы орталығында бизнесті жүргізуге бірегей жағдай жасалған. Базасында ағылшын құқығы юрисдикциясының болуы заңды рәсімдердің ашықтығына кепілдік береді.

Сонымен қатар Олжас Бектенов сауда-инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту, энергетика мен логистикадағы өңірлік әріптестікті тереңдету, маңызды пайдалы қазбалар саласын дамыту, сондай-ақ цифрландыру және орнықты өсуді қамтамасыз ету мәселе-

леріне назар аударды.

Энергетика саласында трансшекаралық жобаларды бірлесіп іске асыру, «жасыл» энергияны өндіру мен беру үдерісін қоса алғанда, өңір елдері арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыттары аталды. Сондай-ақ көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамытуға, атап айтқанда, Транскаспий халықаралық көлік бағыты шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға назар аударылды.

Цифрлық инфрақұрылымды трансформациялау аса маңызды салаларға, оның ішінде деректер орталықтарын, трансұлттық талшықты-оптикалық желілер тарту, суперкомпьютерлік қуаттарды және жасанды интеллект экосистемін дамытуды қоса алғанда, ұзақмер-

зімді инвестициялар тарту қажеттігі атап өтілді.

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің қатысуымен өткен пленарлық отырыста тұрақты даму, инвестициялар және өңірлік әріптестік стратегиялары талқыланды. Форумда Болгария Президенті Румен Радев, Словакия Премьер-министрі Роберт Фицо, Әзербайжан Премьер-министрі Али Асадов, Қырғызстан Министрлер кабинетінің төрағасы Адылбек Қасымалиев, Тәжікстан Премьер-министрі Кохир Расулзода, Түрікменстан Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары Нокергулы Атағұлыев, Ресей Федерациясы Үкіметі төрағасының орынбасары Александр Новак, Еуропа қайта құру және даму банкінің президенті

Одиль Рено-Бассо, БРИКС елдері банкінің президенті Дилма Руссефф сөз сөйледі. Сонымен қатар іс-шараға премьер-министрлер, халықаралық ұйымдардың, жаһандық корпорациялар мен қаржы институттарының өкілдері қатысты.

Форумға қатысушылар бүкіл өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін Орталық Азия елдерінің күш-жігерін үйлестірудің маңыздылығын атап өтті. Форум аясында Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновті қабылдады. Ол Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауы мен ізгі тілегін жеткізді. Кездесу барысында сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, өнеркәсіптік, су-энергетикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері қаралды.

Өзбекстан – Қазақстанның маңызды сауда серіктесі. Биылғы төрт ай қорытындысында тауар айналымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,4%-ға артып, 1,3 млрд доллар құрады. Экспорт 15,9%-ға өсіп, 1 млрд долларға жетті. Негізгі қозғаушы күш өнеркәсіп, автомобиль әрі ауыл шаруашылығы салаларындағы кооперация болды.

«Созақ үні»-ақпарат.



АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА САЛЫНЫП ЖАТҚАН ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДЕГІ ПӘТЕР САНЫ 66-ҒА ЖЕТТІ

Аудан орталығында тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылым саласында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бүгінде Жеткіншек мөлтек ауданында жеке инвесторлардың қолдауымен 2 қабатты 3 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Әр үйде 8 пәтерден, жалпы 24 пәтер қарастырылған. Сонымен қатар, екі пәтерлі 13 тұрғын үйдің құрылысы басталды.

Бұдан бөлек, «Қазатом-энергосервис» ҰАК» АҚ-ның де-меушілігімен 2 қабатты 2

тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Бұл үйлерде 16 пәтер орналасады. Осылайша, қазіргі таңда аудан орталығында салынып жатқан жаңа пәтерлердің жалпы саны 66-ға жетті.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков құрылыс алаңдарын аралап, жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты. Ол жауапты мердігерлер мен құрылыс саласының мамандарына құрылыстың сапасын басты назарда ұстауды, жұмыстарды бекітілген өндірістік кестеге сай жүргізуді

және жұмыс күшін арттыру қажеттігін ескертті.

Сапар барысында аудан басшысы Шолаққорған ауылындағы бірқатар әлеуметтік нысандардың құрылыс барысын да бақылауға алды. Атап айтқанда, жаңадан салынып жатқан аудандық кітапхана ғимараты мен 200 орындық заманауи «Спорттық-сауықтыру кешенінің» құрылысы назарға алынды. Бұл кешенде спорттың түрлі бағыттары қамтылмақ. Мердігер мекеме өкілдерімен

және тиісті сала мамандарымен кездескен аудан әкімі нысандардың уақытылы әрі сапалы аяқталуын тапсырды.

Сонымен қатар, күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқан «Достар» стадионының да құрылыс аумағында болды. Бұл жерде 450 орындық көрермендер алаңы, жүгіру жолағы және стандартқа сай үлкен футбол алаңы бой көтеруде.

ЖАҢА АТҚАРУШЫ ХАТШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

«AMANAT» партиясы филиалының жетекші құрамында кадрлық өзгерістер орын алды. «AMANAT» партиясы Орталық аппаратының келісімімен, партияның Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиевтің бұйрығымен Талғат Сейдахметұлы «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалының атқарушы хатшысы лауазымына тағайындалды.

Жаңа атқарушы хатшыны таныстыру рәсімі аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтті. Жиынға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Полат Тұрысынбаев, фракция мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері, аудандық филиал қызметкерлері мен партия белсенділері және бөлім басшылары қатысты.

Жиында облыстық филиал атқарушы хатшысының орынбасары Полат Тұрысынбаев қатысушыларға партия филиалында болған кадрлық өзгерістердің мән-маңызын және жаңадан тағайындалған хатшының еңбек жолын таныстырды. Партия қызметіндегі бірқатар реформалар мен жаңашылдықтарға тоқталып, бұл өзгерістердің негізгі мақсаты – партия аппаратының тиімділігін арттыру, ішкі ұйымшылдықты нығайту және елмен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізу екендігін айтып өтті.

«Бүгінде партиямыз елдік мүддені басшылыққа ала отырып, жаңа саяси мәдениетті қалыптастыруда нақты қадамдарға барып отыр. Жалпыхалықтық референдумдардың өткізілуі, аудан және ауыл әкімдерін сайлау – осы жолдағы айқын көрсеткіш. Партияның басты мақсаты – халық пен билік арасындағы алтын көпір болу. Бұл ретте қоғамдық қабылдаулар мен ашық диалог алаңдарын тұрақты түрде өткізіп келеміз. Ал Талғат Сейдахметұлы осы бағыттағы жұмысты сапалы жалғастырады деген сенімдеміз», – деді.

Сондай-ақ аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жаңадан тағайындалған атқарушы хатшыға сәттілік тіледі. «Партия – қоғамның қозғаушы күші. Ал аудандық деңгейде партиялық жұмысты жандандыруда атқарушы хатшының рөлі зор. Сондықтан жаңа қызметке кіріскен Талғат Сейдахметұлына үлкен сенім артамыз», – деді аудан басшысы.

Талғат Сейдахметұлы 1988 жылы Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары.

2009 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін «Есеп және аудит» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Алғаш еңбек жолын 2009 жылы «Волковгеология» АҚ-ның №5 барлау геологиялық экспедициясында есепші қызметінен бастаған. 2010-2011 жылдары «Созақ несие» МҚҰ-да Бас есепшісі, 2011-2013 жылдары «Орталық мыңқұдық кен орны» ЖШС-де қойма меңгерушісі, 2013-2021 жылдары «Волковгеология» АҚ-ның №5 барлау геологиялық экспедициясының жетекші есепшісі, 2021 жылдан бүгінгі күнге дейін «BOTBAL» ЖШС директорының орынбасары қызметтерін атқарған.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

“Экосана-Ертеңгі ел кепілі”



Қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық мәдениетті арттыру мақсатында “Экосана – Ертеңгі ел кепілі” атты ақпараттық брошюра таратылды.

Бұл бастама табиғатқа жанашырлықпен қарауға,

жас ұрпақтың экологиялық санасын қалыптастыруға бағытталған.

Брошюра ішінде-пайдалы кеңестер, деректер мен экологиялық өмір салты туралы маңызды мәліметтер бар.

АУЫЛДАР МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ ІШКІ ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛУДЕ

Аудан аумағындағы ауылдар мен елді мекендердің ішкі жолдарын жақсарту бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасуда.

Бүгінгі күнге дейін Құмкент ауылы мен Қызылкөл елді мекенінде жалпы ұзындығы 11,21 шақырым болатын ішкі көшелерге асфальт жабындысы төселді. Сонымен қатар Ақсұмбе, Сарыжаз, Шаға және Раң елді мекендеріндегі ұзындығы 6,51 шақырымды құрайтын ішкі көшелері де асфальтталды.

Қазіргі таңда өзге ауылдар мен елді мекендерде де ішкі жолдарды жөндеу жұмыстары жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда.

Айта кетейік, биылғы жылы ішкі жолдардың сапасын арттыру мақсатында аудандық бюджеттен бөлінген қаражат көлемі өткен жылдармен салыстырғанда екі есеге артты. Бұл қаржы есебінен 66,4 шақырымды құрайтын ауылыштық көше-



лерге асфальт жабындысы мен қиыршық тас төсеу көзделген.

Сонымен қатар, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында жалпы ұзындығы 14,2 шақырым болатын 12 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Өткен жылы да аталған бағдарлама шеңберінде ауданда 25 көшеге орташа

жөндеу жүргізіліп, барлығы 26,1 шақырым жол жаңартылды. Бұған қоса, аудандық бюджет есебінен 21,2 шақырымды құрайтын 18 көшеге асфальт жабындысы мен қиыршық тас төселген болатын.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

“Түркістанның таңдаулы туындысы-2025”



Қыземшек кенті модельді кітапханасының ұйымдастыруымен “Түркістанның таңдаулы туындысы-2025” акциясы аясында таңдалған ақын, “Дарын” жастар сыйлығының лауреаты, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Бекжан Әшірбаевтың шығармашылығына арналған “Мақтааралым - Мақпал әнім” атты поэзия сағаты өтті.

Мақсаты-Түркістанның талантты тұлғасын кеңінен насихаттап, жас ұрпақты ақынның отансүйгіштік рухқа толы жырларымен таныстыру.

Шара барысында қатысушылар Бекжан ақынның туған жерге деген сағынышын, жүрек тербеген поэзиясын сезініп, әдебиетке деген ықыласын арттыра түсті.

«Созақ үні» - ақпарат.

Еліміздегі аты жаман аурудың бірі суицид яғни өз өміріне зиян келтіріп, қастандық жасау болып тұр. Әсіресе бұл жас жеткіншектер яғни мектеп оқушылары арасында жиі болуда. Кеше ғана Нұрсұлтан қаласында болған мектеп оқушысының жасаған қателігі бұған дәлел. Еліміздің болашағы саналатын жастардың мұндай оқыс әрекеттерге баруы расында алаңдатарлық жағдай. Статистикалық мәліметтерге үңілсеңіз адам жаны түршігеді. Әлемде жылына 1 миллион адам өзіне-өзі қол жұмсайды екен. Өкініштісі, әлем бойынша Қазақстан суицид статистикасында үшінші, ал Орта Азияда алғашқы орында тұруы бізді қатты қынжылтып отыр. Аталған дерттің елімізде деңдеп кетуіне не себеп? Аты жаман аурудан қорғану қалай құтқарамыз? Бұдан шығудың жолы қайсы, қандай да бір белгілері бар ма? Міне, осы сауалдар жауап беріп көрсек. Ең әуелі өткен жылдың

Суицид соңғы жол емес

статистикалық мәліметтерін көзбен сүзіп өтсек.

Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше, былтыр еліміздің 3805 азаматы суицид құрбаны болды. Олардың басым бөлігі—Алматы, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарының тұрғындары. Өз-өзіне қол жұмсағандардың 3 мыңы-ер адам. Ең сорақысы, Қазақстан әлем елдері арасында 5-14 жас аралығындағы балалардың өз-өзіне қол жұмсау көрсеткіші бойынша тоғызыншы, 15-29 жас аралығындағы азаматтардың «өліммен ойнау» көрсеткішінде төртінші орында тұр. 2020 жылы 144 бала өз-өзіне қол жұмсаған. Былтыр 15-29 жас аралығындағы 887 азамат өздеріне қол жұмсапты. Жасөспірімдер мен жастар арасындағы суицид негізінен Түркістан, Алматы, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарында тіркеледі екен.

«Қазақстанның тең құқық пен тең мүмкіндік институты» қоғамдық қоры 14-29 жас аралығындағы 2 мың адамды қатыстырып, әлеуметтік зерттеу жүргізген. Нәтижесінде респонденттердің 17% өз-өзіне қол жұмсау туралы ойлағанын анықтаған. Әлеуметтік зерттеуге қатысқандар психикалық күйзеліс, қаржы тапшылығы, жалғыздық, ата-ана мен тіл табыса алмау суицид жасау туралы ойға түрткі болғанын баяндаған. Психолог мамандардың айтуынша өз-өзіне қол жұмсаған жасөспірімдердің 10% ғана шынымен өлгісі келген жандар, қалған 90% қоғамнан орнын таба алмаған адамдар болатынын алға тартқан. Сондай-ақ өмірлік тәжірибесі жоқ жандар болмашы қиындықты трагедия деп қабылдайтынын, салдарынан шалыс басатынын жеткізді. «Отбасындағы, мектептегі және достар арасындағы қатынастармен байланысты процестер кейде жасөспірімдердің психикалық жағдайына теріс әсер етеді. Жасөспірімдер өлгісі келгендіктен емес, проблемамен қалай өмір сүруді білмейтіндіктен, суицид жасау туралы ой пайда болады деген қорытындыға келген. Мұның барлығы отбасыдағы тәрбие, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың төмендігінен болып жатқандығы белгілі. Сондай-ақ діни таным-түсінігінің таяздығынан да болуы мүмкін. Себебі, өмір—Алланың бізге тапсырған аманаты. Ал, шариғатымыздағы үкіміне келсек, Ислам дінінде жазықсыз адамды өлтіру немесе өзін-өзі өлімге қию — Алланың ашуы мен аса ауыр азабына себеп болатын ауыр күнә. Алла Елшісі (с.а.с) хадистерінің бірі: «Кімде-кім өзін-өзі қандай да бір темірмен өлтірсе, жаһаннамда қолына темір алып, мәңгі бақи өзін-өзі түйреумен болады. Ал, кім өзін таудан тастап өлтірсе, жаһаннамда өзін мәңгі отқа лақтырып тұрады», — деп ескерткен.

Былтыр тамыз конференциясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидке алаңдаушылық білдіріп: «Бұл—бәріміз үшін қасірет. «Балалар неге ондай қадамға барады?» деген сұраққа барлығымыз жауап іздеуіміз керек. Өмірлік нақты нұсқамаларды қалыптастыру — айналып келгенде тәрбие беру процесі сапасының түпкі талабы болуға тиіс», — деді. Осының ізін іле-шала баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасын қабылданды.


Тағдыр атты түйткілді мәселеде өмірде түрлі қиындыққа тап болып жатамыз. Мәулана Руми есімді сопы ғалымның мына бір сөзі мақаламызға тұздық болсын: «Адамның киізді сабалаудағы мақсаты тоқпақтап ұру емес, шаңын шығарып тазалау. Ал Алланың адамды қиындықпен сынаудағы мақсаты бойындағы жаман мінез-құлығынан арылту» деген екен.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.

Интернет алаяқтықтан (дропперлік) сақтаныңыздар

Әлем дамып, озық технологиялар көбейген сайын, алаяқтарда күн өткен сайын интернет алаяқтықтың құлақ естіп, көз көрмеген түрлерін ойлап табуда. Бұл ретте, азаматтардың заң жағынан ғана емес, медиа сауаттылығының да таяздығы — олар үшін іздегенге сұраған болуда. Соңғы уақытта интернет арқылы жасалатын алаяқтық фактілері жиілеп кетті. Осы ретте, осы тақырыпқа құқықтық баға беру үшін Түркістан облысы Созақ аудандық сотының төрағасы Ақылбек Сергейұлы Дәуренбековке хабарласып, әңгімелескен едім.

Ақылбек Сергейұлының бұл тақырып жайлы айтар ойы, пікірі мынадай болды: «Дұрыс айтасыз, күн өткен сайын интернет алаяқтықтан зардап шегіп, құқық орындарына шағымданушы азаматтарымыздың қатары артуда. Тіпті, қазіргі таңда әлеуметтік желілерде арнайы бейнероликпен көпке шығып жүрген интернет алаяқтықтың құрбандары менен олардан құтқарамыз деуші заңгерлерден көз сүрінеді. Ал енді, мұндай интернет алаяқтықтың негізгі көзі: Жалған интернет-дүкендер, фишингтік сайттар болуы мүмкін. Алаяқтар негізінен интернет қолданушыдан әртүрлі сылтаумен банк картасының деректері немесе есеп шоттарының құпия сөздерін иемденіп, одан әрі өздерінің қылмыстық ниеттерін жүзеге асыруда. Осы ретте, «Дропперлер» деген кім және олардың алаяқтық әрекеттері қандай? — деген сауалға да жауап бере кетсек. Сонымен, дроппер немесе дроп — бұл алаяқтар ұрлаған ақшаны



өзінің банк картасы арқылы өткізетін адам. Кейде карточкасын үшінші тұлғалар пайдаланғанын білмеген адам алаяқтық объектісіне айналуы мүмкін. Осылайша, дроп өзінің қылмыстық схемаға тартылғанын әрдайым түсіне бермейді, өйткені алаяқтар әдетте өз әрекеттерін заңды бизнес ретінде жасырады. Дропперді әртүрлі шоттар арасында заңсыз алынған ақшаны аудару үшін жалдайды. Ал, бұл өз кезегінде қылмыскерлердің іздерін жасыруға және тергеу жұмысын қиындатуға әкеп соғады. Алаяқтық аударымдар әртүрлі елдерде және әртүрлі адамдардың атынан жасалуы да мүмкін. Сондай-ақ, дроппер өз жұмысы үшін банк картасы арқылы аударылған ақшаның пайызын ала алады.

Сонымен қатар, қазіргі кездегі алаяқтық әрекеттердің тағы бір түрі әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі аккаунттарды бұзу арқылы жасалады. Сол арқылы достар, туыстар, таныстар атынан көрсетілген шоттарға шұғыл ақша

аударуды сұрайды. Бұдан бөлек, жалған ұтыстар мен лотереялар ойнату арқылы жасалатын алаяқтық қылмыстарда көбеймесе, азаяр емес. Аталған жағдайда алаяқтар азаматтарды жоқ ұтыстар жөнінде хабардар етіп, оны алу үшін әртүрлі салықтар мен алымдарды төлеуді талап етеді. Ал енді, ешбір банк немесе мемлекеттік органдардың қызметкерлері мұндай ақпаратты ешқашан телефон немесе интернет арқылы төлеуді талап етпейді. Егер де сізге ақша аударуды сұрау бойынша қоңырау не хабарлама түссе, он-

да аталған нұсқауларды орындауға асықпаңыз. Біріншіден, тексерілген контактілерді пайдалана отырып, сол қоңырау не хабарлама жіберілген мекемеге немесе адамға хабарласу қажет. Екіншіден, күмән келтіретін сілтемелерге кірмеу және белгісіз сайттардағы деректерді енгізбеу қажет. Алаяқтар негізінен құпия ақпаратты алу үшін клондық сайттарды жиі пайдаланады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде сөйлескенде барынша абай болу керек. Яғни, танысыңыздан қандай да бір күдікті хабарлама келсе, онда алдымен оның өзіне телефон арқылы немесе басқа жолмен хабарласып, кейін, келген хабарламаның шындығына көз жеткізу керек.

Қорыта келгенде, осындай алдын алу шаралары мен ескертулер алаяқтардан зардап шегуге тосқауыл болады деп есептеймін!».

Әңгімелескен:
Данияр БЕК.

«Gap Year»

Қазақстанда бір жыл демалу-батылдық па, әлде жалқаулық па?

GapYear-бұл мектеп бітіргеннен кейін немесе университет аяқталған соң, оқу мен мансапты бастамай тұрып, бір жыл үзіліс алып, өзін-өзі дамытуға, тәжірибе жинауға, саяхаттауға, жұмыс істеуге немесе тіл үйренуге арналған кезең. Бұл практика көбіне Ұлыбритания, Австралия, Канада сияқты елдерде кең таралған. Ал, енді бұл әдісті біздің еліміздегі көзқарас және қолданыспен талдап көрейік, «Университетке бірден түспей, бір жыл үзіліс алу-еріншектің ісі ме, әлде өз-өзіне сенетін жастың таңдауы ма?». Бұл сұраққа Қазақстан жастар арасында қызу талқыланатын сұрақтардың бірі. Алайда, оған көзқарас әлі де екі ұшты. Қазақстанда көпшілік үшін «бір жыл оқымай журу» сенімсіздік немесе қабілетсіздік болып көрінуі мүмкін. Бірақ, Gap Year дұрыс бағытта жоспарланса, адамның тұлғалық және кәсіби дамуына зор үлесін қосары сөзсіз. Бұл әдісте шетелдерде көптеген зерттеулер мен сараптамалар жүргізілген. National Gap Year Association

(АҚШ) зерттеуі бойынша, Gap Year алған студенттердің 90%-ы кейінгі оқуында табысты нәтиже көрсеткен. QazVolunteer.kz платформасының дерегіне, Gap Year кезінде волонтерлікке қатысқан жастардың 60%-ы жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырған. Gap Year-дың пайдалы тұстары өте көп. Жастарға тұлғалық дамуға, кәсіби бағыт табуына, өзіне жауапкершілік алуына, саналы таңдау жасауына көмектеседі. Мысалы, Гарвард университеті оқуға түскен кейбір студенттерге бір жылдық үзіліс алуға кеңес береді. Себебі, өмірлік тәжірибе мен мотивация-аудиторияда емес, өмірлік жолда қалыптасады. Менің бір жылым-өзімді іздеуден өзімді табуға дейінгі сапарым болды. Бір сәтте өзім қалап, оқуға түстім деген таңдау мамандығымнан бас тарттым. Оқуымнан шықтым, бағытым бұлыңғыр, жүрегім сенімсіздік пен күмәнге толы болды. Бірақ, дәл осы бір белгісіздікке толы уақыт-менің бағалы ұстазым бола білді. Сол бір бос жыл

деп аталған кезең-мен үшін жасампаздыққа толы бір жылға айналды. Күн сайын кітап оқып, күнделік толтырып, өз ішкі дауысымды тыңдауды үйрендім. Өзгелер уақыт жоғалтып, қатарынан қалды деп ойлаған кезінде, мен арманымның нақты бейнесін салып жаттым. Мен қай мамандықты қалайтынымды, өміріме не маңызды екенін түсіне бастадым. Кітап пен тыныштық-менің серігіме айналды. Қиындықтар болды, бірақ дәл осы шешімім мені шыңдады. Сонымен қоса, менің болашақ таңдауым осы мақаланы жазуыма себеп болды. Енді бір жыл бұрынғы өзіме қарап: «Сен батыл болдың. Сен өз жолыңды таңдадың»-деп мақтанышпен айта аламын. Gap Year-жалқаулық емес, батылдықтың, өз-өзіңе сенудің, мақсат қоюдың белгісі. Ол уақытты бос өткізу емес, керісінше болашақ өмірге бағыт түзейтін маңызды белес. «Бір жыл артта қалдым деп емес, бір жыл алға озым деп есепте!».

Назерке БАБАСБАЙ,
Шолақорған ауылы.

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНАН ҚЫЗЕМШЕК КЕНТІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР ӘБІЛ МАРС ЕРЛАНҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті Қыземшек кенті тұрғындары!

Мен Қыземшек кенті әкіміне «АМАНАТ» партиясынан кандидатурамды ұсына отырып, аудан әкімдігі мен мәслихат арқылы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы азаматтардың шешімдер қабылдау үрдісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуді бағдарламаның басты бағыты ретінде қарастырамын.

Менің сайлауалды бағдарламамның негізгі бағыттары:

– Кенттің инфрақұрылымын одан ары дамыту;

– Кент тұрғындарын жұмыспен қамтуға ықпал ету үшін мемлекеттік бағдарламалармен жұмыс жасап, шағын және орта бизнесті одан ары дамытуға атсалысуды басшылыққа алу;

– Кенттегі елді мекендерді көріктендіру мен абаттандыруды одан ары жалғастыруды, кішігірім архитектуралық нысандар мен қоршауларды, спорт алаңдарын жайластыру, жолдарды жөндеу, жеке үй телімдерін салу үшін жер учаскелерін бөлу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүзеге асыру, шаруа қожалықтарын және жеке қосалқы шаруашылықтарды дамытуды;

– Салауатты өмір салтын насихаттауда ауылдағы жастар саясатының тиімді моделі – кенттегі елді мекендер бойынша өркендетудің құралы мәдени демалыс орындарының халыққа қызмет көрсету жұмыстарын жандандыруды;

– Кент жастарын патриоттық рухта тәрбиелеуге, діни көзқарастарына дұрыс бағыт-бағдар беруге, теріс ағымдар мен нашарлыққа салынбауына және мектепте білім алу сапасына ерек-



ше көңіл бөле отырып, заманауи технологиялармен жабдықтауға ықпал жасауды;

– Қоғамдық тәртіптің сақталуына және сыбайлас жемқорлықпен күресуде қай салада болмасын жемқорлық әрекеттерге жол бермеу, адамдарда жемқорлық әрекеттерге төзбестік ахуал қалыптастыру, ұрлыққа қарсы құқық қорғау органдарымен бірлесе жұмысты күшейтуді;

– Көп ұлтты кент аумағындағы саяси тұрақтылық пен этносаралық татулықты сақтауды, ардагерлер мен қарттарға, аз қамтылған отбасыларға

ӨМІРБАЯН

Әбіл Марс Ерланұлы 1996 жылы 01 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Шу ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ.

Білімі жоғары. Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде құқық және экономика негіздері мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы

20.07.2018-30.11.2018 ж.ж Созақ ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-де жастар практикасы. 13.05.2019-24.07.2019 ж.ж Созақ ауданы, Қыземшек кенті әкімі аппаратының іс қағаздар жүргізу инспекторы.

26.07.2019-31.07.2024 ж.ж Созақ ауданы, Қыземшек кенті әкімі аппаратының инфрақұрылым және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық жөніндегі бас маманы

01.08.2024-25.09.2024 ж.ж Созақ ауданы әкімі аппараты заң және ақпараттандыру, мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі бөлімінің бас маманы.

26.09.2024 ж – қазіргі уақытқа дейін Созақ ауданы Қыземшек кенті әкімінің кеңесші, іс басқарушысы болып қызмет атқарады.

жағдай жасауды олардың арыз-шағымдары мен талап-тілектерін қазіретті органдармен әділ шешуді қатаң бақылауға алуды және дәрігерлік қызмет көрсету сапасын арттыруды;

– Қоғамдық кеңестің, ауыл ақсақалдарының ой-пікірлерімен санасып, тиянақты түрде аудан басшылығымен бірлесе шешім қабылдауын басшылыққа алатын боламын.

Мені кент әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда:

Әкімшілік саласы бойынша құжаттандыру, заңдастыру, шешім қабылдау жұмыстарымен айналыстым. Енді өзіме

жүктелген міндетті күшейте отырып, тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде халықпен бірге болуға;

– Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды ұтымды пайдалану арқылы жаңа кәсіптер ашу жұмыстарын ұйымдастыруға;

– Қыземшек кентінен мектепке бара жолды аллеяға айналдыру, қоршау, абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыруға;

– Отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттауға, кент жастарымен бірлесе отырып жұмыс жасауға;

– Жарықтанбай қалған көшелерді 100 пайыз толықтай жарықтандыруға, кенттегі көпқабатты тұрғын үйлер алдарына асфальт төсеу жұмыстарын ұйымдастыруға, кентке футбол және балалар ойын алаңшаларын салуға;

– Елді мекендер бойынша негізгі көшелерді абаттандырып, көркейтіп-көгалдандыруға, Орталық саябақты ағымдағы жөндеуден өткізуге;

– Тайқоңыр елді мекенінен балалар ойын алаңшасы және футбол алаңшасы, баскетбол алаңшаларын салынуына атсалысамын;

Құрметті сайлаушылар!

Кентіміздің көркеюі мен халқының тұрмысының жақсаруына атсалысу менің негізгі мақсатым. Барлығыңызды 29-маусым күні болатын сайлауға келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Сіздердің қолдауларыңызбен халықтың талап-тілегіне сай қызмет жасаймын.

Қыземшек кентінің әкіміне үміткер Жақыпбеков Алғатай Сәдібекұлының бағдарламасы

Құрметті Қыземшек кентінің тұрғындары!

Дүниежүзілік өркениет дамып жатқан шақта әліміздің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен аса жауапты кезеңде еңбек етіп жатырмыз. Бұл әсіресе, мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару саласында жаңаша жұмыс жасап, халықтың талап-тілектерімен мұқ-мұқтажын шешудегі қызметін жандандыра түсуді қажет етеді.

Сондықтанда, халықпен бірге әрі біртұтас жұмыс жасайтын мемлекеттік қызметшіге қойылар талаппен жауапкершілік орасан.

Осы жауапкершілікті саналы түрде сезіне отырып, өзімнің кандидатурамның Қыземшек кентінің әкіміне ұсынылғандар қатарында болғаны үшін аудан әкімдігіне ризашылық білдіремін және сенімінен шығуға бар қабілетімді саламын. Себебі, сегіз жылға жуық мемлекеттік органдардың, құрылымдардың түрлі салаларында жұмыс жасап жинақтаған тәжірибе-нақты салада халыққа қызмет етіп нәтижеге жетуіме мүмкіндік береді деген сенімдемін.

Қыземшек кентінің халқымен және жалпы әлеуметтік-саяси, экономикалық құрылымдарымен таныспын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАМ

Мен үшін ең біріншіден әкім болу – дегеніміз кент тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, тұрмыс деңгейінің жоғарылауына, талап-тілектерінің орындалуына, ауылдың көркеюі жолында, халықтың бірлігі мен ынтымағы үшін адал қызмет ету. Осы қызметте мен өзімнің жиган тәжірибиемді және тың идеяларымды іске асыруға күш жұмсаймын. Менің осы сайлауда жеңіп әкімдік қызметке кірісер болсам атқаратын шаруаларым төмендегідей:

1. Болашақ жастардың еншісінде екені бәрімізге мәлім және сол жас буын өкілі ретінде жастармен тығыз жұмыс жасаймын. Сол себепті, ауыл жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуларына, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоғамға пайдалы іспен шұғылдануға жағдай жасау. Жастардың кентте тұрақтауына жағдай жасай



отырып, ауыл халқының санын арттыруға, жұмыссыз азаматтардың мемлекеттік бағдарлама бойынша кәсіптік білім алуына күш жұмсау.

2. Кент тұрғындары арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау. Ол үшін әр бос орынға немесе жаңадан ашылған жұмыс орындарына кент жастарын алуға, бірінші кезекте ешбір мүшесі жұмыс істемейтін отбасыларды жұмыспен қамтуға күш салу.

3. Кент тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстау.

4. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды, тыл ардагерлерін назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасау және шын зәру жандарға атаулы әлеуметтік көмектің нақты, уақытылы берілуін қадағалау.

5. Кенттегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтар және осы ауылдан түлеп шыққан кәсіпкерлермен тығыз байланыста болып, кенттің мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастыру. «Туған жерге тағзым» акциясын жандандырып жүзеге асыру бағытында

ӨМІРБАЯН

Жақыпбеков Алғатай Сәдібекұлы 1993 жылы 5 мамырда Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ.

Білімі жоғары. Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы мемлекеттік университеттің аграрлық техника және технология мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы

2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін ТО, Созақ ауданы, Сызған ауылында Сызған ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман салық инспекторы, статист болып қызмет атқарады.

жұмыстар жүргізу.

6. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың кез-келген мекемеге кедергісіз кіріп, барлық мемлекеттік қызметтердің қолжетімді болуына ықпал ету;

7. Адам үшін басты капитал – білім. Осы тұрғыда кенттегі білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуларына, қызығушылығы бойынша үйірмелерге қатысуына жағдай жасау.

8. Кент тұрғындарының әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстау және күнделікті қажетті мәселелерді күн тәртібінен түсірмей шешуге атсалысу.

9. Кент тұрғындарының демалыс уақытын ұйымдастыруға аса мән беретін боламын. Кентте зейнеткерлер, қарттар, отбасылар, балалар мен жастар еркін-еркін демала алатын саябақтардың салынып, оларды көгалдандырып, жарықтандыруға ықпал жасайтын боламын. Балалар ойын алаңшаларының

ашылып, баскетбол, футбол алаңдарының салынуына ықпал жасаймын.

10. Кент аумағындағы қылмыстың алдын-алу үшін учаскелік полиция қызметкерлерімен бірге мемлекеттік орган қызметкерлерінің ат салысуына ықпал ету;

11. Жас мамандарды кентке тарту мақсатында, «Дипломмен – ауылға» жобасы арқылы ауылдағы білім беру, денсаулық сақтау және т.б салаларға қажетті мамандар мәселесін шешу және жеке кәсіп ашуға ниет еткен тың идеясы бар азаматтардың мемлекеттік тұрғыдан берілетін қаржылай қолдауға қол жеткізуін қамтамасыз ету, және сол арқылы шағын және орта бизнестің өркендеуіне жол ашу.

13. Ауданымызда жер қазба байлықтарын игеріп жатқан отандық, шетелдік кәсіпорындармен қарым - қатынасты арттыру, өндіріс орындарында жұмыс істейтін кент тұрғындарының үлес салмағын арттыру және оларды құқықтық қолдау.

14. Кенттің санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыру бойынша жұмыс жасау.

16. Мектеп оқушыларына арнайы жаяу жүргіншілер жолын салу. Балаларға арналған ойын алаңдарын жаңарту.

17. Сыбайлас жемқорлыққа мүлде төзбейтіндігі қалыптастыруға атсалысамын.

18. Осы жұмыстарды іске асыру үшін кент әкімінің бюджетін молайтып, оны қауымдас-тық жиналысымен келісе отырып тиімді жоспарлап, мақсатты жарата білу маңызды. Сондықтан кент әкімінің күнделікті басты жұмысы болып табылатын салық және салық емес түсімдерді көбейту, түсім көздерін іздестіру, менің тиянақты айналысатын ісім болады. Қауымдастық мүшелерін жергілікті өзін-өзі басқару саласына жұмылдыра отырып, кенттің өркендеп дамуына, халықтың тұрмыстық жағдайының жақсара түсуіне бірге қол жеткізетін боламыз!

Құрметті Қыземшек кентінің тұрғындары!

Егер мен Қыземшек кентінің әкімі болып сайланған жағдайда жоғарыда көрсетілген бағдарламаның жүзеге асырылуына бар күш-қайратымды жұмсаймын және сол мақсатта Сіздердің қолдауларыңызға сүйенемін!

БЖЗҚ

Мұраға қалдырылған жинақтарды

БЖЗҚ-дан қалай алуға болады?

Зейнетақы және нысаналы жинақтар (ҚР көмелетке толмаған азаматтарына “Ұлттық қор - балаларға” бағдарламасы шеңберінде есепте-

летін) – БЖЗҚ-да шоты ашылған жеке тұлғаның меншігі. Тиісінше, бұл жинақтар мұраға беріледі.

Бұл ретте мұраға беру құқықтары күшіне енгенге дейін міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен БЖЗҚ-да жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне

МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылуы мүмкін. Оның мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 94 еселенген айлық есептік көрсеткіш шегінде, бірақ қайтыс болған адамның шотындағы қаражаттан аспауы керек. Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем іске асырылғаннан кейін қайтыс болған адамның шо-

тындағы жинақтардың қалдығы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраса, бұл қалдық қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне жерлеуге арналған төлеммен бірге беріледі.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қыземшек кентінің әкіміне үміткер Сыздық Ақжол Шәріпұлының бағдарламасы

Қадірлі жерлестер!

Дүниежүзілік өркениет дамып жатқан шақта еліміздің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен аса жауапты кезеңде еңбек етіп жатырмыз. Бұл—әсіресе, мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару саласында жаңаша жұмыс жасап, халықтың талап-тілектерімен мұң-мұқтажын шешудегі қызметін жандандыра түсуді қажет етеді. Сондықтанда, халықпен бірге әрі біртұтас жұмыс жасайтын мемлекеттік қызметшіге қойылар талаппен жауапкершілік орасан. Осы жауапкершілікті саналы түрде сезіне отырып, өзімнің кандидатурамды Қыземшек кенті әкіміне ұсындым.

Маған сенім көрсетіп, ауыл әкімі қызметіне таңдаған жағдайда жергілікті қауымдастық мүшелерімен келісе, бірлесе отырып, әкім ретіндегі жұмысымның басты бағыттары төмендегіше болмақ:

Мәдениет және спорт саласы бойынша

1. Кент тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізу, таланттарға қамқорлық жасау мақсатында әр түрлі тақырыптық байқаулар өткізіп тұру;

2. Кент халқын бұқаралық спортпен айналысуға қамқорлық жасау үшін спорт алаңшаларын, балалар ойын алаңдарын ашу;

3. Ұлттық спорттың бұқаралық сипат алуына қамқорлық жасау. Онымен айналысатын кент тұрғындарын көтермелеп қолдау көрсету.

Ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік саласы бойынша

1. Ауылшаруашылық саласында қабылданған мемлекеттік бағдарламалар-



дың кент аумағында іске асуына қолдау көрсету;

2. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, кәсіпкерлікпен айналысам деуші тұрғындарға бағыт беріп, қолдау көрсету.

3. Шаруа қожалықтарына әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға көмек көрсету;

Жастармен жұмыс

1. Кент жастарының әлеуметтік сапасына талдау жүргізу; Жұмыссыз, мамандығы жоқ жастарды кәсіптік оқуға жолдау, жұмыспен қамту;

2. Кент мәдениетін дамыту, материалдық-техникалық базасын көтеру арқылы

жастардың өнер, спорт саласымен тиянақты айналысып, бос уақыттарын тиімді өткізуіне, ұлттық мәдениетіміздің терең меңгеріп дамуына жағдай жасау; Әлеуметтік сала бойынша

ӨМІРБАЯН

Сыздық Ақжол Шарипович 1990 жылы 10 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Жартытебе ауылында дүниеге келген. Ұлты—қазақ.

Білімі жоғары. Түркістан қаласындағы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде математика мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы

2012-2013 ж.ж Жастар практикасы бойынша математика пәнінің мұғалімі, Қ.Кемелұлы жалпы орта мектебі, ОҚО, Созақ ауданы, Жартытебе ауылы;

2013-2016 ж.ж Әдіскер, Созақ аудандық ішкі саясат бөлімінің "Жастар орталығы" КММ, ОҚО, Созақ ауданы, Жартытебе ауылы;

2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін ТО, Созақ ауданы, Жартытебе ауылында Жартытебе ауылдық округі әкімі аппаратында әлеуметтік мәселелер бойынша бас маман болып қызмет атқарады.

1. Атаулы әлеуметтік қолдау қажет ететін аз қамтамасыз етілген отбасын тұрақты назарда ұстау;

2. Жұмыссыз азаматтарды анықтап, олардың еңбекпен қамтылуына жағдай жасау, шағын немесе орта кәсіппен айналысуына ықпал жасау, қоғамдық жұмыстарға тарту арқылы шешу және сонымен қатар тиісті мемлекеттік жәрдемді алуына көмек көрсету;

Медицина саласы бойынша

1. Медицина саласын материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш салу;

2. Кент тұрғындарына салауатты өмір салтын насихаттау, уақытылы медициналық тексерістен өтуін ұйымдастыру; Тұрғын үй, коммуналдық салалар,

жолдар. Елді мекендерді абаттандыру және көркейту-көгалдандыру.

1. Ауыз сумен қамтамасыз етудің санитарлық талабының мұқият сақталуын қамтамасыз ету;

2. Елді мекендердің санитарлық тазалығына, көгалдандырылуына, көшелерге тас төгу, асфальттау және жарықтандырылуын, абаттандырылуын кезең-кезеңмен жоспарлау;

3. Елді мекендегі негізгі көшелерге автомобиль жолдарын және әлеуметтік нысандар орналасқан көшелерге жүргіншілер аяқ жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз ету;

4. Келешекте газдандыру жұмыстарын жүргізуге дайындық үшін тұрғын үйлердің құжаттануын, мекен-жай тіркелімінің реттелуін ұйымдастыру;

Білім саласы бойынша

1. Жаңа білім беру реформасына сәйкес, мектеп және мектепке дейінгі мекемелер ұжымымен тығыз жұмыс жасау, жетістіктерін қолдап, қуаттап отыру;

2. Ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы байланысты нығайту; Балалар тәрбиесімен біліміне қатысты кез-келген шара ауыл әкімінің назарында болады.

3. Мектептермен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға қолдау көрсету.

Құрметті сайлаушылар!

Осы бағдарламаны жүзеге асыруға, мемлекеттің дамуына, халықтың әлауқатының артуына өз үлесімді қосуды ел алдындағы азаматтық борышым деп санаймын. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін!



ЖАҚСЫ КҮНДЕР мен ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ НЫШАНЫ

Халықаралық балаларды қорғау күні мерейлі мерекесі де өте шықты. Осы қайырлы мерекелердің алдын Раң ата ауылының тұрғыны, қолы ашық, жомарт жігіт Жақұлаев Еділ Мүтәнұлы есімді азаматқа деген ауыл тұрғындарының шын ризашылығын жеткізіп отырмын. Еділ ініміз Раң ата ауылында тіршілік етіп жатқан он жастан төмен он бүлдіршінге өз отбасы атынан мерекелік сыйлық жасап ауылдастары мен олардың балапандарын қуанышқа бөлеп жатыр. Расында қолдан келсе ауыл балаларына жағдай жасап, жиірек қуанып тұрғанға не жетсін! Әрине, біздің бұл игілікті істі жариялауымызға Еділ ініміздің қарсы болары анық. Бірақ өзге де ауқатты, мейірімді мол, қайырлы, сауапшыл жігіттерге де үлгі, өнеге болсын деген ниетпен елге айта кетуді жөн санадық.

Құрбан айт болсын, балалар мерекесі болсын, — жай уақытта жасаған жақсылықтар мен салиқалы амалдар сауабының еселеніп жазылатын

құтты мейрамдары. Өйткені баланы біз періштеге теңейміз. Сондықтан, бұл мерекелер бар игіліктері жақсылық жасауда өзара аламан бәйгеге түседі. Таудай күнәларың кешірім тауып, көрсеткен бір жақсылығың сан мыңға еселенетін ерекше сауапқа толы мерекеде жан иелеріне қайырым жасауға асыққан адамдардың ғана ұпайы түгел болады.

Жалған дүниеде ешқандай жан баласын мыңғырған малы мен есепсіз алтыны өлім атты ұлы күштен аман алып қалған емес. Алланың әділ үкімі пенденің бес күндік жалғанда жасаған игіліктері мен игіліктері, қателіктері мен күнәларын өлшейтін шынайы таразы табағының қорытындысымен шешіледі. Бүгінде хақ дініміз қанат жайып келе жатқан қоғамымызда Сіз де жақсылыққа асығыңыз. Әрине, жыл өткен сайын ауданымызда ізгі амал жасауға асыққан жандардың қатары артып келеді екен. Ол да болса жақсылықтың нышаны.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

КЕМЕҚАЛҒАН ШЫҢЫН БАҒЫНДЫРДЫҚ

Ойтолғаушы деп айтушы едім, шынында ол ойтолғаушы еді. "MIRAS" ты енді сен басқаршы" деп тізгінді қолыма ұстатып кеткен болатын. Алғашқыда жүрек-сінгенімді несіне жасырайын. Аманатты арқалап отырыстарды көшпелі түрде өткізіп жатырмыз. Рухы биік, әділ еді, бірақ ешкіммен айтыспайтын, жақпай қалса қолын бір сілтей салатын. Артық әңгімесі жоқ, өсек аяңнан биік тұратын еді. Қаламы майлы, елге айтары көп, көркем мінезді азамат еді. Ештеңе мәңгілік емес. 80 жылдыққа ойлап тапқаным Қазығұрттың "Кеме қалған" шыңына шығу болды. Рухыңыз биікте, пейіште шалқысын деген ниет еді. Ұрпаққа қалдырған қаламыңыз-бояуы өшпейтін ізгілік мұрасы. Мирастықтар Сізге риза. Жатқан жеріңіз жайлы болсын! Жатқан жеріңізге қойылған құлпытас жартылай ашылған кітап етіп жасалыпты. Сіз шынында да кітапсыз, елдің бағына біткен құнды қазынасыз. Мирастықтар Сіздің қадіріңізді біледі. "AMANAT" партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы "MIRAS" кеңесінің отырысы ағымдағы жылдың 16 мамыр күні киелі мекен Қазығұрт ауданында өте жоғарғы деңгейде өтті. Кеңес отырысынан кейін 16:30-да Қазығұрт тауына қарай беттеді. Күн төбеден ауғанда шықтық деген атымыз болмаса күн құрғыр шығжырып барады. Аңыздарда адамзат баласын аман алып қалған Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұртқа келіп тоқтаған деседі. Нұх пайғамбар (ғ.с.) адамдарды иманға шақырғанымен, оның қауымы сенбеді. Жаратушы оларға үлкен топан суды жіберіп,

тек Нұх (ғ.с.) және оның кемесіне мінген иманды жандар мен жан-жануарлар ғана аман қалады. Бұл-адамзат тарихындағы үлкен сынақ, әрі жаңа кезеңнің бастауы болған. Бұл жай ғана миф емес, ұлттың жадына сіңіп кеткен үміт пен аманаттың символы. Мыңдаған жыл өтсе де, Қазығұрт аты аталғанда адамзаттың қайта тірілуі, жаңа өмір бастау туралы ой келеді. "MIRAS" кеңесінің мүшелерімен аңыздарды айтып, табиғатты тамашалап тау шыңына шыққанша сырластық. Таудың шыңына шыққан кезімізде күн хясына батып, ымырт қараңғы түскен еді. Уақытқа қарасам сағат 20:30 болыпты. Қазығұртқа бір барған адам-тарихпен тілдесіп, табиғатпен үндесіп қайтады. Бұл- жүрекке тыныштық, жанға күш беретін, рухыңды биіктететін қасиетті мекен. Тау етегіндегі самал жел, аспанмен тілдескен шыңдары, табиғаттың тылсым үндестігі-бәрі де ішкі жан дүниеңді тазартып, рухани серпіліс береді. Мұнда әр тас, әр сүрлеу-мыңдаған жылдық сырдың куәсі. Бұл тау-өткен мен бүгінді жалғап тұрған рухани көпір. Қазір бәріміз жаңғыру, жаңару, түлеу жайлы көп айтып жүрміз. Қазығұрт— сол идеяның түпкі тамыры. Теңіз деңгейінен 2300 метр биікте орналасқан Қазығұрт тауының Кеме қалған шыңына шығып құран оқып, тілек тіледік.

Қалыйма ЖАНТӨРЕЕВА,
«AMANAT» партиясы
Түркістан облыстық филиалы
атқарушы хатшысының
орынбасары,
облыстық мәслихаттық депутаты.

Өкінішке орай қазіргі уақытта қай жерде болмасын ұстаздарды мазақ етіп немесе сыйламай отқан көріністерге куә боламыз.

Дегенмен, бұрынғы замандарда шәкіртке «Сенің үш әкең бар: біреуі–бел әкең, тағы біреуі–білім берген ұстазың, үшіншісі–сен қызын алған кісі» деп оқытады екен. Бұл ұстазыңды әкеңдей құрмет ет деген тәрбие болса керек. Мұғалімге деген құрмет, оның жолын кеспей, алдына түсіп алмай, орындығына

өзіне құл етсін, қаласа бостандық берсін» деген сөзі ұстазға жасалған құрмет әрқашан да көп етпейтіндігін көрсетеді.

Жаратушы Алла сөзінде Құранды үйреткен ұстаз ерекше құрметке лайық. Алайда, ақ қағазға қара қаламмен жазуды, әліппе ұстатып әріп үйреткен алғашқы ұстаздан бастап адамның ғұмыр жолында жолыққан, білім алуына ат салысқан әрбір ұстаздың орны бөлек.

Халифа Нарун Рашидтың

ріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де-бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған.

Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

Ұстаздық еңбек оңай емес және үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ұстаздың еңбегін бағалау және құрметтеу арқылы біз осы еңбектің маңыздылығын түсінеміз және оны бағалаймыз.

Ұстазды сыйла-міндетің

отырмау, рұқсатсыз сөз бастамау, сөзді көбейтпеу сияқты әдептілікті де қамтиды. Сондай-ақ, ұстаз шаршап тұрғанда сауал қоймау, уақытқа мән беру, мазасын алмау және ұстаз бөлмесіне есік қағып кіру де сый-құрметке жатады.

Тарихта аты аңызға айналған, Ескендір Зұлқарнайын жорықтан оралғанда ең әуелі ұстазына, кейін ата-анасына сәлем беруге баратын көрінеді. Мұның сырын сұрағандарға, ол: «Ата-анам менің аспаннан жерге түсуіме, дүниеге келуіме себепкер. Ал, ұстазым жерден аспанға, яғни жәннатқа кіруіме себепші» деген екен. «Таяқты әліп деп үйреткен» ұстазды құрметтеу қазақтың қанына сіңген қасиет еді.

Дінде: «Адам баласы жетістік шыңына құрмет көрсетумен шығады, ал құлдырауы құрметсіздік салдарынан» деген нақыл бар.

Саңлақ сахаба Әли (р.а): «Мен өзіме діннен бір мәселе үйреткеннің құлымын. Қаласа мені сатып жіберсін, қаласа

ғибратты хикаясында былай жазылған: Нарун Рашид баласын атақты ғұлама Асмағиге білім және әдеп үйрену үшін тапсырады. Күндердің күні халифа оқудағы баласының жағдайын көруге барады. Ғалым Асмағи дәрет алып, аяғын жуып отырған екен. Ал, халифа баласы ұстазының аяғына су құйып тұр екен. Сонда халифа Асмағиге: «Мен сізге балама білім берсін, әдеп үйретсін деп жіберген едім. Неге балама бір қолымен су құйып, екінші қолымен аяғыңызды жууды бұйырмадыңыз?!» деп сын айтқан екен. Иә, «Еті сенікі, сүйегі менікі» деген осы болар.

Дүниеде ең құрметке лайық мамандық ол–ұстаздық. Себебі: «Ұстаздық – барлық мамандықтың анасы» дейді дана халқымыз. Сондықтан ұстаз алдынан дәріс алмайтын адам жоқ. Ұстаз берген тәрбие–жол сілтер шамшырақ. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеу-

Қорыта айтқанда, ұстазға құрмет көрсету қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады және бұл дәстүрдің көптеген маңызды себептері бар.

Әрбір ата-ана бірінші кезекте балаға ұстазын құрметтеуді үйретуі керек деген ойдамыз. Себебі, тәрбиесіз білім алысқа шаппайды. Абайдың қара сөзіндегі қайрат, ақыл және жүрек үшеуі өз артықшылығын айта жарысып, ақыры төрелігін білімнен сұрағанда «...Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай Тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы...» деп білім құрмет пен тәрбиені таңдағаны естеріңізде болғай.

Д.АМАНОВ,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы дінтанушы маманы.

Кітап-білімнің қайнар көзі

Кітап–адамзаттың ең қнды қазыналарының бірі. Ол ғасырлар бойы ой мен білімнің, мәдениет пен тарихтың сақтаушысы әрі таратушысы болып табылады. Кітаптар арқылы адамзат барлық жетістіктерін, ғылым мен мәдениеттің дамуын, тарихи оқиғаларды келесі ұрпақтарға жеткізді. Әр кітаптың бетінде адамзаттың ақыл-ойы мен тәжірибесі жинақталған, сондықтан да кітап білімнің қайнар көзі болып табылады.

Кітап–бұл тек жазбаша ақпараттың жинағы ғана емес, ол адамзаттың өмір тәжірибесін, оның рухани және мәдени дамуын білдіретін қнды мұра. Бүгінгі таңда кітаптың мәні айтарлықтай өзгергенімен, оның маңызы ешқашан азайған емес. Тарих, ғылым, әдебиет, философия, әлеуметтік және табиғи ғылымдар саласындағы барлық білімдер кітаптарда жинақталған. Адам баласы оқып, білім алып, зерттеп, өзінің дүниетанымын кеңейтеді. Бұл өз кезегінде адамның рухани және интеллектуалдық дамуына ықпал етеді.

Темірді тат басқаны секілді азғындық та адамды құрдымға кетіреді. Ал оған қарсы иммунитет болып саналатын руханият кітап оқу арқылы беріледі. Тіпті, адамның психикалық әлеуетін дамытудағы рөлі орасан зор. Кез келген жаңалықтар уақыты келіп ескірсе, адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған жауһарла-

рын өзінде қамтыған кітаптар ешқашан ескірмейді. Ел болашағы саналатын жастарды ұлттық құндылықтар жолында тәрбиелеуде кітаптан асқан қуатты құрал жоқ. Түрлі тақырыптар мен мәселелерді өзінде қамтыған қнды еңбектерді оқу арқылы дүниеге деген көзқарасымыз өзгеріп, оған ой жүгірту үшін берілген санамыз арта түспек. Қаншама ғұлама ғалымдар кітапқа ғашық болу арқылы жетістіктер мен кемел адам дәрежесіне жеткен. Бір ғана мысал, Қазақстан халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, әңгіме жанрының өркендеуіне субелі үлес қосқан Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов кітап оқу жайлы: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік»,–деген пікірі сөзімізге дәлел болмақ. Расымен де, кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Оны таңдапталғап оқи білу, түсіну мен сезіну, алған әсерінді өмірлік қажеттілікке жарата білу – әрбір жанның біліктілігі мен білімін арттыра түседі.

Кітап оқу – адамның рухани және мәдени дамуына әсер ететін маңызды фактор. Әдеби кітаптар, поэзия мен философия–тек білім беріп қана қоймай, адамға өмірлік құндылықтарды, адамгершілік қағидаттарын ұғындыруда үл-

кен рөл атқарады. Кітаптар арқылы біз жақсылық пен жамандықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, адалдық пен алдауды түсінеміз. Олар адамгершілікке, рухани байлыққа, батылдық пен шынайылыққа тәрбиелейді. Мысалы, классикалық әдебиеттер мен философиялық шығармалар адамның ішкі әлемін ашуға, моральдық сұрақтарды қарастыруға мүмкіндік береді. Оқырман әрбір шығарма арқылы өзін таниды, өмірге деген көзқарасын өзгертеді. Сонымен қатар, кітаптар адамның эмоциялық әлемін байытып, сезімдерді тереңірек түсінуге септігін тигізеді.

Қорытындылай келе; Кітап – білімнің қайнар көзі. Ол адамзаттың барлық жетістіктері мен тәжірибесін жинақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізеді. Кітап оқу арқылы біз өзіміздің білімімізді арттырып, рухани дамуға, жаңа идеяларды игеруге жол ашамыз. Кітап – тек ақпарат көзі ғана емес, ол біздің дүниетанымымызды кеңейтетін және ішкі әлемімізді байытатын маңызды құрал болып табылады. Сондықтан кітаптың құндылығы мен маңызы ешқашан төмендемейді.

Э.БОЛАТ,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал, Жетісай ауданындағы бөлімінің маманы.

Исламдағы уақыт құндылығы

Барша жетістікке жетуші адамдардың ортақ тұсы – олар өз уақытына аса маңыздылықпен қараған. Адам мақсаты ұлғайған сайын, оған кетер уақытта ұлғая түспек. Сол себепті, жетістікке жетуші адамдар өз уақытына аса құптылықпен қарай білді.

Алла тағала «Қадыр» сүресінде: «Қадыр түні мың түннен де қайырлы» дейді. Бұл сүреде Қадыр түнінің қадірі уақытпен дәлелденіп отыр. Бұған қоса Құранда шайтанның Алла тағаладан ақыретке дейін ғұмыр сұрағандығы айтылады. Демек, шайтан уақыт сұрап жатыр. Ол уақыттың қадірін біліп отыр. Сондай-ақ, «Аср» сүресінде ғасырға, яғни, уақытқа ант етіледі. Уақыттың қадірі болмаса, Хақ тағала онымен ант етер ме еді?

Көбіне батыс әдебиеттерінде «Time is money» (уақыт ол – ақша) ұғымы қалыптасса, дінімізде «уақыт ол – аманат» деп қарастырылады. Тіпті Хасан әл-Басри өзінің бір сөзінде: «Динар мен дирхамына қарағанда, өз уақытына аса сараңдықпен қараған адамдарды көрдім» дейді.

Дінімізде уақыттың екінші ұғымы да бар, уақыт бұл – нығмет. Алла Тағала Ибраһим сүресінің 33-34 аяттарында былай дейді: «Ол Алла сендерге өз шеңберінен жазбай әрі тынбай айналатын күн мен айды да бағынышты етті. Сондай-ақ түн мен күндізді де сендерге бағындырып қойды. Ол сендерге өзінен сұраған нәрселеріңнің барлығын берді. Бергені соншалық – егер Алланың нығметін санайтын болсаңдар, санына әсте жете алмайсыңдар. Шынында, адам баласы мүлдем рақметі жоқ, өтезалым келеді»

Исламда бос уақыт деген ұғым кездеспейді. Тек дене қатты шаршайтындықтан, түнде тынықтыруды жөн көреді. Өйткені Алла Тағала күндізді еңбектену үшін, түнді тынығу үшін жаратқанын айтқан: «Сендерге түнді жамылғы, ұйқыны тынығуға (себеп), күндізді еңбектену мерзімі етіп жаратқан Алла» («Нәба» сүресі, 9-11-аят).

Сүйікті Пайғамбарымыздың өміріне қарасақ, уақытын өте тиімді пайдаланғанын көреміз. Өйткені барлық істеріне үлгерген. Парыздарды былай қойғанда, нәпіл құлшылықтарының өзі өмірінің соңына дейін өз уақытында орындалып, еш үзілмеген. Бұған қоса, ертелі-кеш зікірлері, мешітке уағыз айтуы, сахабаларымен кеңесуі, елшілерді қабылдауы, өзін зиярат етушілерге уақыт бөлуі, өзінің зиярат етіп барған кісілері (науқастар, қабірлер, жарлары т.б.), халықпен жүздесуі (сұрақтарға жауап беруі, шариғат талаптарын қадағалауы т.б.), жорықтарға дайындық, үй іші жұмыстарына қолғабыс етуі (аяқ киім, шапан, астауларын жамауы, немерелерін ойнатуы, базарға баруы т.б.), ел ішіндегі діни рәсімдерді атқаруы (балаға ат қою, сүндеттеу, неке қию, жаназа т.б.), жұма күнгі хұтбалары, арасында уахиды қабылдап алу, күтпеген жұмыстың шығып қалуы секілді істердің барлығы да жоспарға сыйып отырған.

Пайғамбарымыздың өмірінде бұл істердің барлығына уақыт табылған. Тіпті, ешкімді қабылдамай, жеке өзіне ғана арнаған уақыттары да болған. Бұл нені көрсетеді? Бұл күндік жұмыстарын қаншалықты жүйелей білгенін, белгілі бір уақыт кестесін ұстанғандығын айғақтайды. Пайғамбарымыз күндізгі уақыттарды ғана емес, түнгі уақыттарда да мүмкіндігінше тиімді өткізуге тырысқан.

«Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» демекші, дінімізде таң намазын оқу үшін ерте тұру - әр мұсылманға парыз екені белгілі. Бір күннің бес уақытқа бөлінуі де 24 сағаттық тәулікті жүйелеп, ұтымды пайдалану үшін берілген үлкен мүмкіндік. Уақытты ұтымды пайдалану үшін, Пайғамбарымыз намазды да ертерек оқуға шақыруда. «Ең ізгі амал қандай?»–деп сұраған кісіге, «Уақытында оқылған намаз»,–деп жауап бергені мәлім. Осы себепті, бір мұсылман үшін уақытты тиімді пайдалану намазды ертерек оқудан басталатынын ескерген жөн. Тіпті, құрбан шалуда да уақыт мәселесі маңызды рөл атқарады. Пайғамбарымыз Минада айт намазын оқытып, құрбанды намаздан кейін шалу керектігін ескерткен. Жамағаттың біреуі құрбанын намаздан бұрын шалғанын айтқанда, Ардақты елші ол еттің құрбанға жатпайтындығын білдірген. Бұл Ислам дінінде әрбір құлшылықты орындауда уақыттың басты негізге алынатынын аңғартады. Уақыт кірмейінше, намаз оқылмайды. Уақытында үлгермесе, қазасы өтеледі т.с.с. «Қарыны тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» деп Абай атамыз айтпақшы, адамның бос отыруы – шайтан үшін таптырмайтын мүмкіндік. Ол дереу бос отырған адамның ойына түрлі жамандық салып, азғыра бастайды. Күнәға итермелейді. Сол себепті, бір мұсылманның өмірінде бос уақыт болмауы тиіс.

Э.БОЛАТ,
Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы дінтанушы маманы.

Қоғам дертінен арылу- болашағымыз үшін маңызды

Сыбайлас жемқорлық – тәуелсіз Қазақстанның, бүгінгі қоғамның өзекті де күрделі мәселелерінің бірі. Тек Қазақстан емес, бұл індет әлемнің қай-қайсы елінде болса, сол елдің қасірет шегері хақ.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауында «Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру. Әкімшілік реформа қажетсіз қағазбастылық пен қажат айналымының қолайсыз үдерісіне айналмауға тиіс. Халық алдында есептілігін арттырып, нәтижеге деген жауапкершілігін күшейте отырып, жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру керек» - деп сыбайлас жемқорлықпен күрестің мән-маңызына тоқталып өткен болатын.

Негізі «сыбайлас жемқорлық», «пара» д. мән-мағынасына үңілер болсақ, бұл ұғымдар сонау сан ғасыр, сан мың жылдар бұрын пайда болғанын тарих дәлелдейді. Бұл жөнінде біз мыңдаған жылдар бұрын өмір сүрген ғлама ғалымдарымыздың еңбектерінен кездестіре аламыз.

Сыбайлас жемқорлық қоғамды әділетсіздікке ғана ұрындырып қоймай, елдің экономикалық жүйесінің қауіпсіздігіне, тұрақтылығына, экономикамыздың дамып, жетілуіне кереғар әсерін тигізеді, халықаралық деңгейде елдің жағымсыз имиджін қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлық – індет, оны жою міндет екендігін әрбір азамат пен азаматшалар түсініп, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейін арттыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күресті әр адам өзінен бастауы қажет деп ойлаймын. Әл-Фараби аңсаған қайырымды қаланы, кемел мемлекетті қалыптастыру үшін қоғамда, елде болмауы керек бір маңызды дүние болса, ол – жемқорлық. Елдегі бұл ауыр індетті жою үшін күресті өзімізден, айналамыздан бастап, нәтижеге қол жеткізуге, жемқорлықты жою үшін аянбай күресу – әрбір қазақстандық азаматтың азаматтық та, адамзаттық та парызы.

**Нұрбану СҰЛТАНҒАЗИЕВА,
Созақ аудандық статистика
басқармасының бас маманы.**

ЙОД ТАПШЫЛЫҒЫ

ЙОД-ағзада өндірілмейтін микроэлемент.

Бұл адам ағзасындағы үйлестірілген микроэлементтердің бірі болып табылады, сондықтан оның қолдарын уақытылы мұқият қадағалау қажет. Оны қадағалау қарапайым қағидалардан тұрады.

-теңіз өнімдерін қабылдау: (балық, ас шаяны ламинария және балдырдың басқада түрлері);

- тағам рационына сүт және жұмыртқа сарысуын қосу;

- тағамға дәмдеуіш ретінде кез – келген супермаркеттен оңай сатып алуға болатын йодталған ас тұзын қолдану;

Ағзамыз бақада пайдалы микроэлементтерге мұқтаж болғандықта, рацион тек құрамында йоды бар өнімнен ғана болмауы керек екенін есте ұстау керек.

Ересек адамдар үшін йод қабылдаудың нормасы тәулігіне 150-ден 200 микрограмм болуы тиіс. Ал, жүкті және бала емізетін әйелдер үшін көрсеткіш 200-300 мкг –ге дейін көтеріледі.

Тағамдардың арасында йод мөлшері мейлінше жоғарғы өнім деп-теңіз балықтары мен теңіз өнімдерінің (800-1000 мкг/кг) айтуға болады. Халық арасында танымалы –теңіз қырыққабатты (ламинария). Сондай-ақ, йод балық майында да көп. Одан кейінгі сатыда – сүт, жұмыртқа, ет және бидай өнімдері тұр. Йод тапшылығының қазірде қарапайым қарапайым тұзды бұл өніммен байту арқылы жоюдамыз. Йодталған тұз нанға, су мен өзге де өнімдерге қосылады. Сөйтіп әр адам күнделікті ағзаға қажет мөлшерде алуда. Адам күн сайын йодталған тұзды тағам арқылы пайдалана отырып, ағзаға қажет микроэлементтің тәуліктік сқранысын қанағаттандырады. Әлемдік тәжірибие тамаққа йодталған тұзды пайдалану – йод тапшылығының алдын алудың ең қарапайым, қолжетімді, тиімді әдісі екендігін айтады. Өйткені, тұз – тағамға арнайы өңделмей қосылатын жалғыз минерал болып табылады.

Калий йодаты көп уақытта сақтау кезінде де, өз күшін жоймайды. Және өнімдердің түсі мен дәмі де оған еш әсері жоқ. Шындап келгенде йодпен қаныққан тұз –дәрі емес. Ол қарапайым тағам, нақтырақ айтсақ, профилактикаық өнім. Сондықтан, оның адамға еш кері әсері жоқ.

**Е.ТӨРЕБЕКОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы м.а.**

Орының болсын жәннаттың кең төрінен



Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған асыл жан **Қали Құрманғали Мұратбайұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

**Мейір шуақ шащып өттің көңілден,
Еңбегіңмен таптың бақыт өмірден.
Сыйлы едің көпшілік жәрті, туысқа,
Өнеге ап өстің ұрпақ өзіңнен.
Енді Алла шапағына бөленіп,**

Орының болсын жәннаттың кең төрінен,-деп, ардақты әкеміз Құрманғали Мұратбайұлының рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 21 маусым күні (20 маусым – қонақ асы, сағат 18:00-де) Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесіндегі №37 өз шаңырағында беріледі.

**Асқа шақырушылар: жұбайы, ұл-қыздары,
бауырлары, Қалиевтар әулеті.**

Хабарландыру

«Казатомпром-SaUran»ЖШС-сі:

- 21.07.2025 ж. сағ.10-00 Түркістан облысы Созақ ауданы, Таукент ауылы, 1 ықшам ауданы көшесі 45А әкімдік ғимаратында «2024-2028 ж. Канжуган кенішінде ЭБЖ, магистральдық құбырлар мен қышқыл құбырларын салу бойынша кен орнының жобасын әзірлеу»;

- 21.07.2025ж. сағ.11-00Түркістан облысы Созақ ауданы, Таукент ауылы, 1 ықшам ауданы көшесі 45А әкімдік ғимаратында «2024-2028 ж. Орталық Мойынқұм кенішінде ЭБЖ, магистральдық құбырлар мен қышқыл құбырларын салу бойынша кен орнының жобасын әзірлеу» - жобаларына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Қосымша ақпарат алу үшін Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Казатомпром-SaUran» ЖШС-сі, БИН 150540001510. Мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент ауылы, Ықшамаудан, 133 үй. Тел.: +7 (7780960000). Эл.адрес: Nshalanova@sauran.kazatomprom.kz

Құжаттаманы әзірлеуші: «Kaz Complect Project» ЖШС, БИН 131240024409, Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 153, тел: 87024223015, Эл.адрес: too kсproject@mail.ru

Жобалық құжаттамалармен танысу,қағаз және электрондық күйінде ескертулер мен ұсыныстарды жіберу үшін Бірыңғай экологиялық порталында <https://ndbecology.gov.kz>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/> сайты, «Түркістан облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-і, мекен-жайы: Түркістан қ-сы, Жана Қала м.а. 32 к-сі 20 ғимарат, aidarerkebai@yandex.kz эл.адресінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мерзімде қабылданады.

Белсенді сілтеме Zoom Конференция <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференция: 616 540 8596, Код доступа: 123456, бірыңғай экологиялық порталда <https://ndbecology.gov.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/> сайтында ұсынылады.

Судағы негізгі қауіпсіздік ережелерін есте сақтаңыздар

Тек жабдықталған жағажайлар мен басқа да шомылуға арналған орындарда, ресми рұқсаты және құтқару қызметі бар жерлерде шомылыңыздар;

-шомыла білмей белдеріңізден жоғары келетін суға кірмеңіздер;

-шомылу кезінде бір біріңізді көзден таса қылмаңыздар;

-жағадан алыс, қойылған белгіден ары жүзіп кетпеңіздер;

-жүзе білмей, дөңгелекті, үрлемелі матрасты пайдаланбаңыздар;

-жүзіп келе жатқан катерлер мен қайықтарға жақындамаңыздар;

-қайықтан, көпірден және кеме аялдайтын орыннан суға секірмеңіздер;

-суға көп шомылмаңыздар, аса тоңып және шаршап қалуларыңыз мүмкін;

-түнгі уақытта және мас күйлеріңізде суға шомылмаңыздар.

Құрметті ата-аналар, мұғалімдер, балаларды сауықтандыру лагерлерінің, туристік фирмалардың және демалыс зоналарының басшылары!

Балаларды қатаң бақылаңыздар, оларды үлкендердің бақылауынсыз қалдырмаңыздар. Балаларға тек арнайы жабдықталған орындар мен жерлерде үлкендердің қадағалауымен ғана шомылуға рұқсат етіңіздер. Балаларға үрлемелі матрацтармен, камералармен, тақтайлармен, үрлемелі ойыншықтармен жүзуге қатаң тыйым салынады. Оларды жағадан жел немесе ағын алысқа алып кетуі мүмкін, ал бұл көмек көрсетуге қиындық туғызады.

Азаматтар! Суда абай болыңыздар! Судағы қауіпсіздік ережелері мен сақтық шараларын сақтаңыздар, сонда су жағасындағы жазғы демалыс қайғылы болмайды.

Естеріңізде болсын! Егерде Сізбен қауіпті жағдай төнсе, Сізге көмек қажет болса «112» Құтқару қызметінің телефон номерін теріп алыңыздар.

**Б.ЖАППАРОВ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар
бөлімінің бас маманы,
азаматтық қорғау капитаны**

Объявления

ТОО «Казатомпром-SaUran» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «Отчетам о возможных воздействиях»:

-10:00 ч. 21.07.2025 года в здании акимата по адресу Туркетанская область, Сузакский район, пос.Таукент, мкр.1 Ыкшамаудан 45А по проекту «Разработка проекта месторождения по строительству ЛЭП, магистральных трубопроводов и кислотопроводов на 2024-2028 г. руднике Канжуган» 49,99'51,61", 68,79'54,15";

-11:00 ч. 21.07.2025 года в здании акимата по адресу Туркетанская область, Сузакский район, пос.Таукент, мкр.1 Ыкшамаудан 45А в здании акимата по проекту «Разработка проекта месторождения по строительству ЛЭП, магистральных трубопроводов и кислотопроводов на 2024-2028 г. руднике Центральный Мойынқұм» 44,16'00", 68,57'24".

Дополнительную информацию можно получить у инициаторанамечаемой деятельности:ТОО «Казатомпром-SaUran», БИН 150540001510. Адрес: Туркестанская область, Сузакский район, с.Таукент, мкр. 1 Ыкшамаудан, дом 133. Тел.: +7 (7780960000). Эл.адрес: Nshalanova@sauran.kazatomprom.kz

Составитель отчётов: ТОО «Kaz Complect Project», БИН 131240024409. Адрес: г.Кызылорда, ул.Бейбарыс Султан, №153. Тел.: 87024223015. Эл.адрес: too kсproject@mail.ru

С пакетом проектной документации можете ознакомиться и направить замечания и предложения в бумажной или электронной форме на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/> КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: г.Туркестан, мкр. Жана Қала, ул.32, зд.20. Эл.адрес: aidarerkebai@yandex.kz

Активная ссылка Zoom Конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596, Код доступа: 123456, будет предоставлена на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz> и сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/>.

Балаларды өрттен қорғайық

Бала-біздің болашағымыз, баланы қауіп қатерден қорғау біздің әрқашан есімізде бола бермейді, ең үлкен қателік баланың сіріңкемен немесе электр қондырғыларымен ойнауы. Баланың тентектігінің нәтижесінде материалдық үлкен шығын және баланың денсаулығына зиян немесе орны толмас қайғылар болып жатады. Бәрімізде білеміз, қосылған күйде ұмытылып қалған үтік, баланың қолына түскен шырпы қандай жағдайға әкелетіні белгілі. Сонда да, осы себептерден өрттердің пайда болуы қайталана береді. Баланың отпен ойнауына тыйым салу тек қана өрттің алдын алу емес, балалардың бақытты қауанышты өмірі екенін естерімізден шығармаған жөн. Адамдар әлі де болса үйге балаларын жалғыз, үлкендердің бақылауынсыз тастап кетіп жатады, әріне, оларды кінәлаудан аулақпын. Өйткені, әркім өз қамы үшін, күнкөріс жағдайымен жұмысқа кетеді. Ал, балаларын бақшаға берейін десе, кезегі келмей жатады. Сосын амалдың жоқтығынан осындай әрекеттерге барады. Оның соңы кейде орны толмас оқиғалармен аяқталып, әсіресе, жас жеткіншектердің осындай қайғылы жағдайлардан кейін қайтыс болып жататыны бізді қатты қынжылтады. Өрт – бұл адамдардың өмірі мен денсаулығына, және материалдық қндылықтардың жойылуына алып келетін, бақылаусыз жану процесі болғандықтан, оның зақымдаушы факторлары бар. Олар: түтін, улы газдар, жоғары температура, конструкциялардың қирауы, тоқпен зақымдану. Демек, отты жақсы қызмет еткендей етіп пайдалануымыз керек те, оның бізге қожалық етуіне жол бермеуіміз керек. Отпен абай болыңыз! Өз үйіңізді және мүлігіңізді өрттен сақтаңыз! Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау – Сіздің үйіңіздегі береке мен тыныштықтың кепілі.

**Нұрасыл САРТАЙ,
Созақ ауданы ТЖБ аға инженері
Азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

Шәкірттерін өнерге баулыған өнегелі ұстаз

«Өнер – ұлттың жаны» деп бекер айтылмаса керек. Өйткені, өркениетті ұлт, ең алдымен тарихымен, өнерімен, мәдениетімен қанды. Осы ұлттық өнерімізді дәріптеу, оның тылсым сырларына әсіресе балалардың бойына сіңіру, үйрету үлкен еңбекті, шыдамдылықты қажет етеді. Осы мақсатта жемісті еңбек етіп келе жатқан оқу орындарының бірі ауданымыздағы А.Жұбанов атындағы саз мектебі. Өнер саласындағы өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген саз мектебінде ауданымыздың талай оқушылары тәрбиеленіп, түрлі музыкалық аспаптарды меңгеріп, ұлттық өнеріміздің өрнегін жалғастырып келеді.

Аталған саз мектебі – ұрпақ тәрбиесінде шоқтығы биік білім ордасы. Мектепте домбыра, өобыз, жетіген, фортепиано, скрипка, хор бөлімі, дәстүрлі ән сыныптары жұмыс жасайды. Қазақ болған соң әрине, біз үшін бірінші кезекте «домбыра» тұратыны белгілі. Осы білім ордасында талай жылдан бері қажырлы еңбек етіп, шәкірттерін талай-талай белестерге шығарған домбыра сыншының жетекшісі Гүлмира Жұманалиева қызмет етеді.

Гүлмира Жұманалиева көпшілікке әнші-термеші ретінде де танымал. Жастайынан музыканы бойына сіңіріп өскен талапты жас Ақтөбе қаласындағы А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжінде білімін шыңдай жүріп, облыстық Д.Нұрпейісова атындағы қыз-келіншектердің күй байқауында дипломант атанған. Ақтөбе музыкалық колледжінде күйші-домбырашы, Қазанғап танушы профессор Жайлау Асылханов дом-

быра аспабы бойынша ұстаздық еткен. Сол кісіден білім алып, шыңдалған.

Шолақорған ауылындағы Ә.Молдағұлова атындағы орта мектебінің түлегі Гүлмира Шәмшидинқызын алғашқы өнерге баулыған ұстазы Жанғали Меймандосов болған. Сонымен қатар, 2010 жылы Шымкент қаласындағы «Халықтар достығы» университетінде музыка мамандығы бойынша білімін толықтырған.

Сол кездегі жас маман алғашқы еңбек жолын аудан орталығындағы «Ертөстік» балалар бақшасында бүлдіршіндерді саз әлеміне бауладан бастаған. Бұл жерде де шығармашылығына шабыт қосып, «Теріскей таланттар» байқауының күй жанрында, сазгер Жанғали Меймандосовтың құрметіне өткізілген ән байқауында бас жүлделерге ие болған.

Бүгінде саз мектебінде қызмет атқаратын Гүлмира Шәмшидинқызының өзіндік және де шәкірттерінің жетістіктеріне тоқталып өтсек. 2020 жылы оқушылары «BALBULAQ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының «Өнерге қанат қаққандар» II Республикалық байқауынан «ансамбль» номинациясы бойынша бас жүлде алып, сол жетістік үшін құрмет грамотасына ие болған. Халықаралық «Be Clever» дамыту орталығы ұйымдастыру ұйымының шешімімен «Үздік ұстаз» төсбелгісі, 2022 жылы «ULY DALA USTAZY» халықаралық ғылыми-педагогикалық журналының «Үздік мақала» номинациясы бойынша I дәрежелі диплом, «Жарқын» республикалық ғылыми-ақпараттық, та-



нымдық-тәрбиелік журналының 2022 жылы «Мәңгілік ел ұстаздары» байқауынан I орын, 2022 жылы «Парасатты педагог» атты байқауынан I дәрежелі диплом, халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының 2022 жылы «Жаңашыл ұстаз» байқауынан I орын, «Педагогика менің-таңдауым» байқауынан I орын, «Үздік педагог» байқауынан I дәрежелі дипломдар иеленген. Оқушыларына келер болсақ, 2020 жылы оқушылары «BALBULAQ» балалар мен жасөспірімдер шығарма-

шылық орталығының «Өнерге қанат қаққандар» II Республикалық байқауынан «ансамбль» номинациясы бойынша бас жүлде, 2021 жылы «Өнер жолындағы ұлы тұлғалар» атты мектеп ішілік байқаудан «Дина Нұрпейісова» атындағы номинация бойынша оқушысы Ж.Бердібек арнайы диплом, 2023 жылы «TURK-SOY» Республикалық өнер байқауында «аспапта ойнау» номинациясы бойынша оқушысы Бердібек Жансая II дәрежелі диплом, 2024 жылы «Тәуелсіздік рухы» республикалық өнер байқауында оқушысы Бахит Нұрәділ «Ұлттық аспапта орындау» жанры бойынша II орын, 2024 жылы «Жас жұлдыз» Халықаралық балалар мен жасөспірімдер өнер байқауында «аспапта ойнау» жанры бойынша оқушысы Тұрғанбай Қаламқас I орын иеленіп, марапат пен киноға түсуге сертификат алған. Гүлмира Шәмшидинқызы сонымен қатар, «XX ғасырдағы атақты күйшілер» тақырыбындағы авторлық бағдарламаның авторы.

Қорыта айтқанда, саз мектебінің оқытушысы Гүлмира Жұманалиеваның жеткен жетістіктеріне көз жүгірте отырып, оның өз жұмысына деген адалдығы мен жауапкершілігінің қаншалықты жоғары деңгейде екендігін аңғаруға болады. Гүлмира Шәмшидинқызының аудан өнерінің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін үлкен рахмет айта отырып, алдағы уақытта да шабытыңыз шарықтай берсін дегіміз келеді.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

«Армандағы балабақша»

Түркістан облысының білім басқармасы, «Созақ аудандық білім бөлімі» және «Созақ бөбекжай-бақшасының» ұйымдастыруымен өткен «Ұлт тәрбиесінің түп қазығы-ұлттық құндылық» тақырыбындағы аудандық семинар өз деңгейінде жоғары дәрежеде өтті. Семинардың басты мақсаты – балабақша қабырғасынан бастап ұлттық құндылықтарды бала санасына сіңіру, ұлттық болмысты қалыптастыру, отансүйгіш, рухани бай, ұлттық сана-сезіммен оянтқан ұрпақ тәрбиелеу. Бұл маңызды іс-шараның ұйымдастырылуына «Созақ бөбекжай-бақшасының» меңгерушісі Қамашева Алия Қуанышбекқызының қосқан үлесі зор болды. Сондай-ақ бақша әдіскері Тұрғанбай Арайлым Әбуғалиқызы тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізіп, олардың сапалы білім мен тәрбие беруіне мол үлес қосты. Семинар барысында бақшаның логопед маманы Тәжібаева Жанар Саханқызы «Жүрек жылуы» атты тренинг өткізіп, келген қонақтарды ерекше ілтипатпен қарсы алып, саз мамандары Смайлова Зәбира, Шокенова Наркүл жылы жүзді атмосфера қалыптастырды. Сонымен қатар тіл

Ұлт тәрбиесінің түп қазығы- ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



мамандары мен тәрбиешілер түрлі ұлттық ойындар ойнатып, балалардың қызығушылығын арттырды. Тәрбиешілер Балтабаева Ұрқия мен Ергешова Замира «Қызым еркем-бұрымымен көркем» атты ата-аналармен бірлескен жобаны ұйымдастырып, аналар мектебімен тығыз байланыс орнатты. Бұл жұмыс ұлтымыздың қыз бала тәрбиесіне деген терең тағылымын көрсетті. Тәрбиеші Құлжанова Гүлзада мен Атабаева Махсуда «Асықтар әлеміне саяхат» атты ашық оқу қызметінде ұлттық ойынның тәрбиелік мәнін аша білді. Тұрысбекова Гүлнар мен Ушибаева Хурият «Ою-өрнек-сәніміз» тақырыбында өткен ашық іс-әрекетте балаларды ұлттық өнерге баулып, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған тамаша сабақ көрсетті. Мұхаметалиева Күлшат пен

Абламитова Эльмира дене шынықтыру сабағын ұлттық ойындармен шебер ұштастырып, «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» атты қызықты ашық оқу қызметін өткізді. Бұл балалардың қимыл-қозғалысын дамытып қана қоймай, табиғатпен байланысын арттырды. Семинар аясында мектепалды даярлық тобында тәрбиеші Изатова Жанат «Білім әлеміне саяхат» тақырыбындағы ашық оқу қызметін жоғары деңгейде өткізіп, балалардың білімге деген қызығушылығын арттырды. Семинардың мазмұны бай, тәрбие мен білім беру үдерісі ұлттық негізде өрілген, шынайы тәжірибеге толы болды. Қонақтар мен қатысушылар ерекше әсер алып, балабақша жұмысының бірлігін, шығармашылығын, кәсіби деңгейін жоғары бағалады. Семинар «Армандағы балабақша» деген атқа лайық болып, Түркістан телеарнасы арқылы да көрсетілді. Бұл игі іс-шараның басты жетістігі-бала жүрегіне ұлттық рух пен мақтанш сезімін ұялату, ұлт болашағына қызмет ету болды.

Жанар ТӘЖІБАЕВА,
«Созақ» бөбекжай-бақшасының логопеді.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:

Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріші-
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманжол КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3250 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев